

АРХИВТІК
ҚОР

5-628-02054-0

Ғылыми-педагогикалық
журнал
Научно-педагогический
журнал



**Манаш Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің
хабаршысы**

№ 13

**Вестник
Северо-Казахстанского
государственного университета
имени Манаша Козыбаева**

2004

При создании рекламного текста перед ее составителями стоит задача: какими средствами воздействия воспользоваться в данном случае. Полемика эта идет и на языковом уровне: прибегнуть к прямым способам передачи императивности или к косвенным. И если решение оказывается в пользу первого (использование прямых форм передачи императивности), то, как правило, в тексте одной рекламы таковых императивных форм оказывается более одной:

THOMSON – Смотри, слушай, живи!

Таким образом, использование различных императивных форм не только соответствует адресату рекламы и типу рекламируемого товара, но и оправдывает использование языковых специальных средств, предназначенных узкой аудиторией, что обеспечивает максимальную доступность. Все это способствует большему прагматическому эффекту рекламных текстов.

Литература:

1. Храковский В.С., Володин А.П. Семантика и типология императива. – Л.: Наука, 1986. – 24 с.
2. Виноградов В.В. Русский язык. – М.: Наука, 1972. – 461 с.
3. Зарецкая Е.Н. Риторика. Теория и практика речевых коммуникаций. – М.: Дело, 2001. – 78 с.

Берілген мақалада жарнама мәтініндегі етістіктің императивті түрлерінің прагматикалық функциялары қарастырылады.

In this article some pragmatic functions of the imperative forms of the verb in the texts of advertisements are viewed.

УДК 416.1./5. каз./

М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Ілиясова М.А.

Тұрақты тіркестер көркем шығарма тілін жандандырып, астарлап, бейнелей суреттеудің дайын бір құралы болып табылады.

Халық тілінің осы бір мол байлығын жазушы немесе ақын қаламы өз қалауынша қажетіне жаратады. Автор фразеологизмдерді жалпытілдік қолданыстағыдай өзгертпестен жұмсауы да, белгілі мақсатқа орай құрылым-құрылысын, мағынасын жаңғырта қолдануы да мүмкін. Жаңғыртудың өзі жалпытілдік қолданысқа тән түрлендірулер және тек автор қаламына тән түрлендірулер болып бөлінетіндігі де белгілі.

Бейнелі сөздердің тілдік тұрғыдан алғанда экспрессивті-эмоционалды қасиеттерімен тартымды берілуі автордың өзіндік талғамы әрі тілдік қорына байланысты. Соған орай тұрақты тіркестер түрлі шығармаларда бірде аз, бірде молынан кездеседі.

Сыршылдығымен, әсерлі суретшілдігімен танылған Мағжан «Батыр Баян» поэмасында қазақ әдеби тілінің бай қазынасын, көркем сөздің әр алуан өрнегін шебер қолдана білген.

мысалы.

1. Мен де *сйды* ағытамын қаламыма,
Арқаның көз жіберсем алабына.
2. Ішінде сары дария көз тоқтатар
Көкшетау-Сарыарқаның аралы да.
3. Оқжетпес найза қия - қыранға ұя
Қарасаң жанның шері тарқамай ма?
(43-б.)
4. Дұшпанның қалғандай боп табасына
Арқаға аяқ салып, түскен барып,
Екі оттың – орыс, қытай арасына.
5. Жиылды өңшең ноян ығай-сығай.
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай.
(44-б.)
6. Байлаулы бөрілерді аза қылмай,
Кестелеп, сөзбен сипап айтты Қанай.
(46-б.)
7. Айрылып байлығынан көп соққы жеп,
Көз жасы Атығайдың толды өзекке.
(51-б.)

Бұл мысалдардан Мағжан поэмасындағы фразеологизмдердің көпшілігі әдеби тіл қазынасынан алынып, жалпытілдік қор құрағандығын байқауға болады.

Көп кезде поэма кейіпкерлерінің сезім-күйін, іс-әрекетін айшықты сөздермен беру арқылы ақын шығарманың үндестігін күшейтіп, эмоциялық бояуын арттыра түскен. Сонымен бірге, поэмадағы:

1. Қалшылдап, *көзі қан боп*, қолын алмай,
Байланған садағынан белде сала.
(52-б.)
2. Әлде *сйды* улаған ашу кезеп.
Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл.
Күбірлей бастады енді: «Мұның не?» - деп.
(53-б.)
3. Қорғасын миын, ойын төмен басып,
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.
(51-б.)
4. Кеудеңе жан кірмей ме, *көзің шалса*,
Өмірің жаңа ағарып, атқан таңдай.
(48-б.)

5. *Жадырап жаным, шерім тарқар еді,
Кеңесім тыңдаушыға сала алса ой.*

(56-б.)

Мұндағы *көзі қан болу, ашу кезеу, жан кіру, жаны жадырау*, тұрақты тіркестері синонимдес варианттар болып табылады: өйткені беретін мағыналары бір болып табылады (*көзі қан болу* – ашулану, қаһарланып, көріне міну, *ашу кезеу* – ашулану). Мұндай синонимдес варианттарды поэманың өн бойынан көптеп кездестіруге болады. Осындай бір мағынаны беретін тұрақты сөз тіркестерінің синонимдес вариантын беріп, қайталамай қолдану ақынның шеберлігін көрсетеді.

Поэмадағы тұрақты тіркестердің көпшілігі жалпы халықтық формада қолданылғанымен, ақын оларды кез-келген уақытта тілдік тұрғыдан бейнелі, тартымды етіп беруге тырысады. Поэма кейіпкерлерінің іс-әрекетін ашу немесе көңіл-күйін, жан-сезімін білдіруде дәл баса жеткізіп, орнымен жұмсайды.

Мысалы берілген тұрақты сөз тіркестеріне тоқталатын болсақ, *аузынан уыз шыққан* – балғын, жас; *күлден кебін кию* – қайғыру, сары уайым болу; *аузынан жалын шашқан* – қайратты, өжет, батыр; *қан жылау* – қайғыру, қасірет шегу; *қарабет болу* – ұятты болу, ұятқа қалу; *ығай-сығай* – небір мықтылар; *бауырына кіру* – жақын тарту; *тас жүрек* – қатыгез, қатал; *қан майдан* – қиян-кескі ұрыс, қызу артыс-тартыс.

Бұл тұрақты сөз тіркестері етістік тобына және есім тобына жататын фразеологизмдер. Мұндағы *қан жылау, бауырына кіру, күлден кебін кию* дегендер атау тұлғалы зат есімдердің етістікпен тіркесу арқылы келетін есім тобына жататын фразеологизмдер.

Осылайша, М.Жұмабаевтың поэмасын зерттей отыра, ондағы фразеологизмдердің орынды, әрі тілдік тұрғыдан бейнелі, тартымды қолданылып, поэманың экспрессивті-эмоциялық реңкін арттырудағы басым үлесін байқауға болады. Ақын фразеологизмдерді өз мәнінде орынды жұмсаумен қатар, жаңғыртып, қосымша рең енгізіп, түрлендіргендігі көрінеді. Осы арқылы өзінің көздеген мақсатты ойын нақты әрі дәл бере білген.

Әдебиеттер:

1. М.Жұмабаев шығармалары. Петропавл, 1993.
2. М.Жүсіпов. Мағжанның шеберлігі. «Жұлдыз», 1991, №11 142-145 б.
3. Х.Қожахметова. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. А., «Мектеп», 1972.